

Жетісай жоғары медицина колледжі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша ІІ тоқсан барысындағы нормативтік актілерді түсіндіру

№2 ХАТТАМАСЫ

10.06.2025 жыл

**Жетісай жоғары медицина
колледжі ШЖҚ МКК**

Қатысқандар: Жетісай жоғары медицина колледжі әкімшілік құрамы, қаржы-шаруашылық бөлімі пед.кұрам жалпы 120 адам.

Күн тәртібінде:

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы және ҚР Еңбек кодексі, ҚР мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексімен таныстыру, сондай-ақ «Жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау» мақсатында ақпараттық түсіндірме жұмыстары туралы.

Күн тәртібіндегі мәселеге байланысты колледж директорының міндетін атқарушы А.Балғабекова: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру іс-шараларының жоспарына сәйкес, колледж ұжымымен жалпы жиналыс отырысын өткізді. Қазақстан Республикасының Президентінің 2022 жылғы 02 ақпандағы №802 «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы» және ҚР Еңбек кодексі, ҚР мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексімен таныстыру, сондай-ақ «Жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау» мақсатында ақпараттық түсіндірмесін таныстырып түсіндіру үшін заңгер-кеңесші М.Балтабаевқа сөз берілді.

М.Балтабаев: Түсіндірме жұмысының негізгі мақсаты сыбайлас жемқорлықтың салдарымен күрес қана емес, оның алғы шарттарын жою үшін назар аударуға, мемлекет пен қоғамның тыныс-тіршілігінің негізгі салаларын қамтуға, мемлекеттік биліктің барлық деңгейлерінде сыбайлас жемқорлықты барынша азайтуды қамтамасыз етуге, Қазақстан азаматарының осы әлеуметтік зұлымдыққа төзімсіз көзқарасын қалыптастыруға бағытталған іс-шара болып

табылады. 2022 жылғы 2 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді және саясатты іске асыру жөніндегі нақты іс-қимыл жоспары тұжырымдалды. Жаңа стратегиялық құжат сыбайлас жемқорлықтың алғы шарттарын жүйелі түрде жоюға, жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз етуге және қоғамдық сананы түбегейлі өзгертуге бағытталған.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасымен таныстырып, Сыбайлас жемқорлық қоғамдық даму жолында бар және елдің және мемлекеттік режимнің имиджіне өте теріс әсер ететін басты проблемалардың бірі болып қала береді. Қазіргі уақытта билік тарапынан сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға байланысты мәселелерге ерекше назар аударылуда. Сыбайлас жемқорлықтың көріністері қоғамға елеулі зиян келтіреді, мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігін төмендетеді, олардың беделіне нұқсан келтіреді және халықтың әлеуметтік бытыраңқылық деңгейін арттыруға ықпал етеді. Сыбайлас жемқорлықты жаңа қоғамдық қатынастарды қалыптастыру және нығайту құралы ретінде пайдалануды болдырмау, сондай-ақ нарықтық қатынастарға әлеуметтік қолдау жасау қажет. Сыбайлас жемқорлық іс-әрекетіне жол бергені үшін жауапкершілік пен оның зардаптары туралы атап өтіп, толыққанды мәлімет берді.

Тұжырымдамада мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың жаңа мақсаттары, қағидаттары мен міндеттері көрсетілген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі қағидаттарына: баршаның заң алдындағы теңдігі мен әділдігі, жариялылығы, ашықтығы мен қоғамға есеп беруі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын кешенді пайдалану, сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың басымдығы мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл, оның барлық көріністерінде сыбайлас жемқорлықтан бастарту және

т.б

жатады.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі еңбек қатынастарын реттеуде, жұмысшылар мен жұмыс берушілердің құқықтарын қорғауда басты рөл атқарады. Ол еңбек процесін ұйымдастырудың, еңбек қатынастарының барлық қатысушыларының мүдделерінің тепе-теңдігін қамтамасыз етудің нормативтік базасы қызметін атқарады. Оның нормаларын білу және сақтау адал және өнімді еңбекті орнатудың таптырмас шарты.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің осы әдеп кодексі (*бұдан әрі – Кодекс*) мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінің стандарттарын белгілейді және қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін және парасаттылық атмосферасын қалыптастыруға, сондай-ақ мемлекеттік

қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған. Бұл ережеде Кодекстің мақсаттары мен мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп стандарттарын белгілеудің мәні қамтылған. Қоғам азаматқа мемлекеттік қызметші мәртебесін бере отырып, одан жүктелген міндеттердің сапалы орындалуын, мемлекеттің функциялары мен міндеттерінің тиімді іске асырылуын күтеді.

Мемлекеттік қызметші өзі қабылдайтын шешімдердің заңдылығын, әділдігін және ашықтығын қамтамасыз етеді, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға жол бермейді. Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормаларға қатаң сәйкес іске асырылады.

Кодекс мемлекеттік қызметтің қоғамдық мүдделерді қанағаттандыру сияқты жалпыға бірдей танылған бағдарларын белгілейді. Мемлекеттік қызметшілер қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім Қазақстан Республикасының Конституциясын, қолданыстағы заңнаманы және этикалық нормаларды өз мүдделерінен жоғары мүлтіксіз сақтау міндеттемесін білдіретінін түсінуі тиіс.

Қызметтік әдеп стандарттарын сақтау мемлекеттік қызметшінің күнделікті қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл, шын мәнінде, оның өмір салты, ол жоғары моральдық принциптерге сәйкес келуге бағытталуы керек.

2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің нормалары мен лауызымды адамдар мен қызметкерлердің міндеттер, мінез-құлық ережелері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты ережелері бойынша барлық қызметкерлердің еңбек шартында көрсетілгенін айтты.

Жиналыс соңында сыбайлас жемқорлыққа қарсы барлық мәселелер жан-жақты талқыланып, мекеме қызметкерлері тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар берілді.

Жиналыс төрайымы А.Балғабекова жиналысты қорытындылады.

Жиналыс төрайымы:

Хатшысы:



А.Балғабекова

М.Балтабаев